

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
Қазақстан халық партиясы  
фракциясының мүшелеріне**

2021 жылғы 2 маусымдағы  
№ ДС-207

### **Құрметті депутаттар!**

Сіздердің спорт саласында мамандарды даярлауға қатысты сауалдарыңызды мұқият қарап, мынаны хабарлаймыз.

Кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Еңбекмині) ұсынатын елдің экономикалық салалары үшін кадрларға деген қажеттіліктің орта мерзімді болжамы негізінде құрылады. Сонымен қатар мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде мемлекеттік бағдарламалардың негізгі көрсеткіштері мен экономиканың әртүрлі салаларындағы үрдістер ескеріледі.

Қажеттілікті анықтау үшін Еңбекмині белгіленген тәртіппен еңбек нарығына талдау жасап, сұранысқа ие мамандықтарды анықтайды. 2021 – 2025 жылдарға арналған еңбек нарығы қажеттілігінің орта мерзімді нәтижелеріне сәйкес алдағы бес жылда Қазақстанға 5110 спорт жаттықтырушылары мен нұсқаушылары талап етіледі.

Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаумен еліміздің 40 жоғары оқу орны айналысады. Спорт саласында кадр қажеттілігін өтеу үшін 2020–2021 оқу жылына «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобына 395 грант бөлінді (*бакалавриат - 350, магистратура - 40, докторантура - 4*). Өткен оқу жылымен салыстырғанда білім беру гранттарының саны 171 бірлікке артты.

Қалған қажеттілік ақылы негізде оқитын контингенттің есебінен қанағаттандырылады. Атап айтқанда, 2020 – 2021 оқу жылында «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобының аясында 12 мыңнан астам жуық студент тәлім алады.

Осыған орай қазіргі таңда спорт жаттықтырушысы мамандығы бойынша кадр тапшылығы жоқ.

2018 жылғы мамырда «Білім туралы» Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес «Алтын белгі» белгісінің иегерлері мен пәндер бойынша халықаралық және республикалық олимпиадалардың, республикалық спорт жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері білім беру гранттарын алуға конкурсқа қатысу кезінде Бірыңғай ұлттық тестілеуді тапсырушылардың басқа санаттарымен теңестірілді. Спорт және пәндер бойынша қосымша жетістіктер баллдар тең болған жағдайда ғана артықшылық ретінде ескеріледі.

Аталған өзгерістер мектеп түлектері арасында бәсекелестікті ынталандыру үшін қабылданды.

2018 жылдан бастап жоғары оқу орындарына академиялық және басқарушылық дербестік берілді. Академиялық дербестік шеңберінде жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасының, мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың қатысуымен дербес әзірлейді. Жаңа бағдарламаны тіркеу үшін оны Болон процесіне сәйкес міндетті түрде Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу керек.

Еңбек нарығында «спорт менеджері» мамандарына сұраныс болған жағдайда кез-келген білікті жоғары оқу орны білім беру бағдарламасын әзірлеп, оны Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізе алады. Алайда қажеттіліктің және жұмысқа орналасу көрсеткішінің аз болуына байланысты, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі анықталмаған.

«Спорт» білім беру бағдарламалар тобын құру және оны «Қызмет көрсету саласы» кадрлар даярлау бағытына қосу туралы мәселе ү.ж. ақпанда Қазақ спорт және туризм академиясының базасында қызмет ететін спорт мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестікпен талқыланды. Отырыстың қорытындылары бойынша «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобының атауын «Дене шынықтыру мұғалімдері мен спорт бойынша жаттықтырушыны даярлау» деп өзгерту және оны педагогикалық мамандықтар тобында қалдыру туралы шешім қабылданды.

Салалық оқу-әдістемелік кеңестің ұсынысы ағымдағы жылдың соңына дейін Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің кезекті отырысында қаралады.

Осы бағытта жұмыс жалғасуда және ұдайы Үкіметтің бақылауында.

**Е.Тоғжанов**